

**Күлсін Халыққызы Абдрахманова^{1*}, Назым Нұрболатқызы Қонқабаева²,
Жібек Тұрарқызы Абдуллаева³**

^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-6484-059X E-mail: agulsum@mail.ru

² философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-5161-2232 E-mail: haia89@mail.ru

³ филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-7613-2531 E-mail: zhibek.turarovna@gmail.com

**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ
ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМА**

Аннотация. Мақалада ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінің тілі мәдениет контекстінде қарастырылады. Қарахандықтар дәуірінің көлемді де құнды этнографиялық және әдеби еңбектері болып саналатын М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі мен Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны зерттеуіміздің материалы болып алынды. Ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері антропоцентристік парадигма тұрғысынан зерделеніп, ескерткіштер тілі мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Түркі ескерткіштеріндегі мақал-мәтелдердің табиғатына, олардың қазіргі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдермен ұқсастықтарына, яғни парадигмалық байланысына аса назар аударылады. Екі ескерткіште де түркілердің этникалық болмысын, мәдениетін сипаттайтын мәдени және тілдік деректерге мән берілді. Ортағасырлық екі ескерткіштегі этномәдени лексиканы талдау көрсеткендей, түркі халықтары ортағасырда егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысқан, олардың дүниетанымдық көзқарастары, лексикалық бірліктері қазіргі түркі халықтарымен, соның ішінде қазақ халқымен сәйкес келеді. Сонымен қатар екі ескерткіштегі этнографиялық лексиканың тақырыптық топтары көрсетілді. Талдау М.Қашқаридың еңбегінде орта ғасырлардағы түркілердің өмірі, материалдық және рухани мәдениеті туралы құнды ақпарат қамтылғанын көрсетті. «Құтадғу білік» дастаны мен қазақ поэзиясындағы лексикалық және поэтикалық сәйкестіктер анықталды.

Тірек сөздер: ортағасырлық түркі ескерткіштері; этномәдени лексика; лингвистикалық парадигма; антропоцентристік парадигма; материалдық және рухани мәдениет

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ортағасыр ескерткіштер тіліндегі этномәдени және лингвистикалық парадигма» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (AP19175804).

Сілтеме жасау үшін: Абдрахманова К.Х., Қонқабаева Н.Н., Абдуллаева Ж.Т. Ортағасырлық түркі жазба ескерткіштеріндегі этномәдени және лингвистикалық парадигма. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). 40-50-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-40-50>

**Кулсин Халыковна Абдрахманова^{1*}, Назым Нурболатовна Конқабаева²,
Жибек Тураровна Абдуллаева³**

^{1*} автор-корреспондент, кандидат филологических наук, доцент,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-6484-059X E-mail: agulsum@mail.ru

² доктор философии (PhD), Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-5161-2232 E-mail: haia89@mail.ru

³ кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-7613-2531 E-mail: zhibek.turarovna@gmail.com

**ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ И ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ПАРАДИГМА
В ТЮРКСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ**

Аннотация. В статье рассматривается язык письменных памятников средневековой тюркской литературы в контексте культуры. Исследование проводилось на материале двух крупных этнографических и литературных памятников эпохи Караханидов – словаря «Дивани лугат ат-тюрк» М.Кашкари и поэмы «Кутадгу Билик» Ж.Баласагуна. Средневековые тюркские письменные памятники были изучены в аспекте антропоцентрической парадигмы, где язык памятников рассмотрен как неотъемлемая часть человеческой культуры. Особое внимание уделяется изучению природы пословиц и поговорок в тюркских памятниках, их сходствам с пословицами и поговорками в казахском языке, т.е. на их парадигматические связи. Подчеркивались культурные и языковые

сведения в памятниках, которые характеризуют этническую культуру и миропонимание тюрков. Анализируя этнокультурную лексику в двух средневековых памятниках, выяснили, что тюркские народы занимались земледелием и животноводством в средневековье. Подчеркиваются общие сходства образа жизни и мировоззрения древних тюркских народов с современными тюркскими народами, в том числе с казахским народом. В статье предложена тематическая классификация этнографической лексики, зафиксированной в двух письменных памятниках. Как показал анализ, в словаре М. Қашкари содержится этнокультурная лексика, которая дает ценные сведения о жизни и культуре тюркских народов. Определили соответствия лексических и поэтических средств поэмы «Кутадгу билик» с казахской поэзией.

Ключевые слова: средневековые тюркские памятники; этнокультурная лексика; лингвистическая парадигма; антропоцентрическая парадигма; материальная и духовная культура

Источник финансирования: Статья выполнена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Этнокультурная и лингвистическая парадигма в тюркских письменных памятниках средневековья» (AP19175804).

Для цитирования: Абдрахманова К.Х., Конкабаева Н.Н., Абдуллаева Ж.Т. Этнокультурная и лингвистическая парадигма в тюркских письменных памятниках средневековья. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). С. 40-50. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-40-50>

Kulsin Abdrakhmanova^{1*}, Nazim Konkabayeva, Zhibek Abdullayeva

^{1*}Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Docent,
Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-6484-059X E-mail: agulsum@mail.ru

²Doctor of Philosophy (PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-5161-2232 E-mail: haia89@mail.ru

³Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-7613-2531 E-mail: zhibek.turarovna@gmail.com

THE ETHNOCULTURAL AND LINGUISTIC PARADIGM IN THE TURKIC WRITTEN MONUMENTS OF THE MIDDLE AGES

Abstract. This article examines the language of written monuments of medieval Turkic literature in the context of culture. The study was conducted on the material of two major ethnographic and literary monuments of the Karakhanid era – the dictionary “Divani Lugat at-Turk” by M. Kashkari and the poem “Kutadgu Bilik” by Zh. Balasagun. When studying medieval Turkic written monuments, we relied on an anthropocentric paradigm, that is, we consider the language of monuments as an integral part of culture. Special attention is paid to the study of the nature of proverbs and sayings in Turkic monuments, their similarities with proverbs and sayings in the Kazakh language, i.e. their paradigmatic connections. Cultural and linguistic information was emphasized in the monuments that characterize the ethnic culture and worldview of the Turks. Analyzing the ethnocultural vocabulary in two medieval monuments, it was found out that the Turkic peoples were engaged in agriculture and animal husbandry in the Middle Ages. The general similarities of the lifestyle and worldview of the ancient Turkic peoples with modern Turkic peoples, including the Kazakh people, are emphasized. The article proposes a thematic classification of ethnographic vocabulary recorded in two written monuments. As the analysis showed, M. Kashkari’s dictionary contains ethnocultural vocabulary that provides valuable information about the life and culture of the Turkic peoples. We determined the correspondence of the lexical and poetic means of the poem “Kutadgu bilik” with Kazakh poetry.

Keywords: medieval Turkic monuments; ethnocultural vocabulary; language paradigm; anthropocentric paradigm; material and spiritual culture

Source of financing: The article was carried out within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic “Ethnocultural and linguistic paradigm in Turkic written monuments of the Middle Ages” (AP19175804).

For citation: Abdrakhmanova K., Konkabayeva N., Abdullayeva Zh. The Ethnocultural and Linguistic Paradigm in the Turkic Written Monuments of the Middle Ages. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). P. 40-50. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-40-50>

Кіріспе

Бүгінгі жаһандану, әлемдік өркениет кезеңінде адамзат баласы өз түп-тамырына, ұлттық құндылықтары мен болмысына жіті зер салатын кез келді. Қазіргі заманғы рухани және әлеуметтік жаңалықтар, қоғамдық сана мен өмірде болып жатқан ғаламдық өзгерістер этностың шығу тегін, тарихын, мәдениетін, тілін білуді, ортағасырлық түркі ескерткіштерін қамтитын көне өркениеттердің ұлы туындыларына назар аударуды талап етеді. Түркі халықтарының жазба

ескерткіштерінде сақталған төл көне түркі өркениетін, материалды және рухани мәдениетін, ортақ шығу тегі мен тарихын, тілі мен әдебиетін, рухани ұстанымдары мен наным-сенімдерін зерделеу қазіргі әлеуметтік катаклизмдер, этникалық топтардың теңдестіру дәуірінде өте қажет. Осы тұрғыда әлемдік мәдениеттің ажырамас бір бөлігі болып табылатын ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерін зерттеу өзекті де маңызды мәселе болып отыр. Өйткені ортағасырлық поэтикалық әдеби тілде жазылған түркі ескерткіштері түркі халықтарының тарихы туралы құнды деректермен қатар мол этномәдени ақпаратқа ие. Сонымен қатар ортағасырда жазылған түркі әдеби ескерткіштері қазіргі заманғы түркі халықтарының ортақ мұрасы болып табылады. Сондықтан да қазақ әдебиетінің түп-тамыры ежелгі түркі мәдениеті мен әдебиетінен бастау алады деуге негіз бар. Ортағасырлық түркі жазба ескерткіштеріндегі этномәдени ақпаратты тіл мен мәдениеттің байланысы арқылы қарастыру осы зерттеуіміздің басты мақсаты болып табылады.

Материал және әдістер

Соңғы кездері тарихи зерттеулерде ортағасырды екі дәуірге бөліп қарастырады:

1. Қарахандықтар дәуірі (X-XII ғғ.);
2. Моңғолдар дәуірі (XIII-XV ғғ.).

Қарахандықтар дәуірінің тілдік ерекшеліктерін сипаттайтын әрі сол дәуірдің көлемді де құнды еңбектері болып саналатын М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі мен Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны зерттеуіміздің материалдық негізін құрайды.

«Диуани лұғат ат-түрік» – түркі тілдес халықтардың ортақ рухани мұрасы. Үш том, сегіз кітаптан тұратын еңбекте 6800-ден астам түркі сөздері ғылыми жүйеге келтірілген. Ғалым түркітану тарихында салыстырмалы-тарихи әдісті алғаш қолданып, диалектологияның негізін қалады. Түркі тайпалары тілінің ерекшеліктерін сақтай отырып, ойшыл сөздерді сипаттағанда 242 бәйіт пен 262 мақал-мәтелді пайдаланған. Оның кітабын көне түркі әдеби ескерткіштерінің оқулығы деп атауға болады, өйткені сөздікте екі жүзден астам өлең, көптеген танымал сөздер, бейнелі сөздер мен жырлар қамтылған. Халықтың ерлігін, ғашықтардың сезімін, табиғат құбылыстарын дәріптейтін жолдар да бар. Атақты лингвист ғалымдар В.В. Бартольд, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, А.К. Бороков, сондай-ақ қазақ зерттеушілері Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Қ.Бекетов және т.б. сөздікті зерттеп, аударуға үлкен үлес қосқан.

1069-1070 жж. Қашқарда Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу Білік» («Бақытты болу ғылымы»), дәлірек айтқанда «Құтты білім») дидактикалық поэмасы пайда болды. Автор туралы өмірбаяндық деректер сақталмаған. «Құтадғу Білік» – түркілердің мұсылмандық мазмұндағы көне ескерткіші. Поэма Қашқар билеушісі Богра ханға арналған. Жүсіп Баласағұнның шығармасы идеалды билеуші мен оның шенеуніктерінің өмірінің барлық қырларын қамтиды.

«Құтадғу білік» дастанының бүгінгі күнге дейін сақталып, бізге жеткен үш нұсқасы бар: Герат нұсқасы (1439 ж., көне ұйғыр жазуымен жазылған), Каир нұсқасы (XIV ғасырдың бірінші жартысында Мысырда араб жазуымен көшірілген), Наманған нұсқасы (XII ғасырдың аяғында араб жазуымен көшірілген). Атап айтқанда, зерттеу материалы ретінде Ә.Құрышжановтың аударған «Құтты білік» дастанының Наманған нұсқасы және М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінің А.Егеубаевтың қазақ тіліне аударған нұсқасы пайдаланылды.

Ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерді зерттеуде антропоцентристік парадигма тұрғысынан қарастыру маңызды. Зерттеу материалдары ортағасырлық түркі ескерткіштерін антропоцентристік парадигма тұрғысынан қарастыруға, сол арқылы түркі халықтарының дүниетанымы мен когнитивтік әлемін, мәдени және рухани ортақ сипатын зерделеуге ықпалын тигізеді.

Ақпарат жинау сатысындағы талдау әдісі екі жазба ескерткіште кездесетін этномәдени лексиканы топтастырып, талдауға мүмкіндік берді. Осы ретте ортағасырлық сөздік пен поэма қазіргі түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың этномәдениетімен сабақтастығын байқауға болады. Бұл әдіс ортағасырларда өмір сүрген түркілер мен қазіргі қазақ халқының материалдық, рухани құндылықтарының ортақтығын, дүниетаным сабақтастығын, сондай-ақ этномәдени және лингвистикалық парадигмасын түсінуге септігін тигізді.

Зерттеуімізде қолданылған салыстырмалы әдіс М.Қашқаридың сөздігі мен Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанындағы этномәдени лексиканы тақырыптық топтарға бөле отырып, олардың мазмұндық ерекшеліктерін анықтауға әкелді. Бұл әдіс арқылы қазіргі түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың этномәдениетімен ортақ лексикалық және поэтикалық бірліктер корпусы туралы ғылыми деректер алуға болады. Сонымен қатар ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерін зерттеуде жіктеу, сараптау әдістеріне сүйендік.

Әдебиетке шолу

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап көне түрік жазба ескерткіштеріне деген ғылыми қызығушылық арта түсті. В.Радлов ежелгі түріктер мен ортағасырлық басқа да түркі этностары туралы жазба және археологиялық дереккөздерді салыстыра отырып зерттеді. Ортағасырлық көшпелі халықтардың ескерткіштерін зерттеуге В.Томсен, В.Радлов, А.Гейкель, В.Бартольдт, П.Мелиоранский, В.Банг, А.Лекок, В.Котвич, Дж.Немет, Ф.Хирт, Г.Рамстедт, Дж.Клаусон, Х.Оркун, С.Малов, Л.Гумилёв, Л.Қызласов, С.Кляшторный, И.Қызласов, Т.Текин, Г.Айдаров, А.М. Щербак, қазақ ғалымдарынан Ә.Құрышжанов, А.Аманжолов, М.Жолдасбеков, Н.Шаймерденова, А.Салқынбай және т.б. осы сияқты көрнекті ғалымдар атсалысты.

Л.Н. Гумилёв түркілердің мәдени дамуының маңызына тоқтала келе, ежелгі түркілер өз мәдениетін Қытай, Иран, Византия, Үндістан мәдениеттерімен бір қатарда бағалағанын атап өткен (Гумилёв, 1967: 6). 1893 жылы түркі халықтарының төл жазуы туралы дат ғалымы В.Томсеннің ашқан жаңалығы «мәдениеті жоқ» деп жүрген көшпелілердің өзінің осындай жазуы болса, онда «мәдениетсіз халық» деген ұғымның болуы мүмкін емес деген соны пікір айтты (Томсен, 1924).

Түркиялық профессор Акартюрк Караханның айтуынша, «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі қазіргі лексикография заңдылығы бойынша жасалмаған, онда арабтарға түсінікті болуы үшін сол кезеңдегі түрік тілі туралы мәлімет, оның қысқаша грамматикасы берілген. Сөздіктің мақсаты – түрік тілінің байлығын көрсету (Karahana, 2008: 52).

Академик А.Кононовтың пікірі бойынша, «Сөздік» көбінесе XI ғасырдағы түркілердің өмірі туралы: олардың материалдық мәдениетінің объектілері, күнделікті өмір болмысы, этнонимдер мен топонимдер, тайпалар, туыстық және мүліктік терминдер, лауазымдар мен атаулар, әртүрлі лауазымды тұлғалардың, тамақ пен сусынның атаулары, үй және жабайы жануарлар мен құстар, мал шаруашылығы терминдері, өсімдіктер мен дәнді дақылдар, астрономиялық терминдер, халық күнтізбесі, аптаның айлары мен күндерінің атаулары, географиялық терминология мен номенклатура, қалалар, аурулар мен дәрі-дәрмектердің атаулары, анатомиялық терминология, металдар мен минералдар, әскери, спорттық және әкімшілік терминология, әртүрлі тарихи және мифологиялық кейіпкерлердің есімдері, діни және этникалық терминология, балалар ойындары мен ойын-сауықтары туралы жалғыз ақпарат көзі болып табылады (Кононов, 1973: 47).

«Диуани лұғат ит-түрік» еңбегі 1072 жылдың 25 қаңтарынан бастап 1074 жылдың 10 ақпанына дейінгі аралықта жазылған. Еңбектің түпнұсқасы бізге жетпеген. 1206 жылы М.А. Абулфатх жасаған жалғыз көшірмесі Стамбулда сақтаулы. М.Қашқари еңбегінің Еуропаға тараған алғашқы деректерінің бірі – 1904 жылы Венгер академиясы жариялаған «Лингвистикалық жинақтағы» мәлімет. Онда түркі тілдері жайында XI-XV ғасырларда жазылған еңбектерге шолу жасалынып, араб-түрік тілдерінде жазылған «Диуани лұғат ит-түрікті» еңбектердің ең бір ескісі деп көрсетеді (Айдаров, Құрысжанов, Томанов, 1971: 20).

Отандық зерттеулерден Ғ.Айдаров «Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века», Ғ.Айдаров, Ә.Құрысжанов, М.Томанов «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі», Ә.Құрысжанов «Ескі түркі жазба ескерткіштері» және т.б. ғалымдардың зерттеулері мен көне түркі, орта түркі жазба мұралары жайында жазылған ғылыми еңбектерді атауға болады.

«Құтадғу білік» дастаны қазақ тіліне өте кеш аударылды. Автор шығарманың аты жайында: «Кітап аты урдум «Құтадғу біліг» // Құтадсу оқуғлықа, тутсу еліг – Кітаптың атын «Құтадғу білік» деп қойдым, өйткені ол оқыған адамға құт әкелсін, өмірдің жолын көрсетсін», – деп түсіндіреді (Құрысжанов, 1986: 11). Оның сөздігін, грамматикасын, көркемдік сипатын т.т.

зерттеуге қазақ лингвистері де атсалысып келеді. Атап айтсақ, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев, Ә.Құрысжанов, І.Кенесбаев, М.Томанов, Х.Сүйіншәлиев, Х.Досмұхамедұлы, Р.Бердібаев және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерін атауға болады. А.Егеубаев 1997 жылы «Диуани лұғат ат-түріктің» толық нұсқасын қазақ тіліне аударғаннан кейін қазақ ғалымдарына қашқаританудың жаңа кезеңі басталды. М.Қашқари еңбегіне диссертациялар қорғалды, көптеген мақалалар жазылды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Егеубаев Жүсіп Баласағұнды (Әдеби жәдігерлер, 2007), Махмұд Қашқариды (Қашқари, 1997) қазіргі қазақ тіліне аударған. Сондай-ақ ол – «Құтты білік» дастанының қазақ әдебиетінің дамуына идеялық-көркемдік әсері» атты тақырыпта ғылыми диссертация қорғаған ғалым (Егеубаев, 1989).

Нәтижелер және талқылау

Неміс ғалымы В. фон Гумбольдттың пайымдауынша, халықтың материалдық және рухани мәдениеті тілде көрініс табады, әлемді өзгеше көру арқылы тілдің ұлттық-мәдени сипаты ашылады (Гумбольдт, 1985). Адам өзінің әлемге деген көзқарасын, дүниетанымын тіл арқылы білдіреді. М.Қашқаридың ұлы ескерткіші «Диуани лұғат-ат-түрікте» және Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанында ортағасырлық түркілер әлемі, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы ортақ мол этномәдени және тілдік ақпарат сақталған. Осымен байланысты мақалада жазба ескерткіштерінің тілдік деректері негізінде этномәдени және лингвистикалық парадигманың түрлі деңгейде көрініс табуы қарастырылмақ. Себебі ортағасырдағы түркі ескерткіштері жайлы арнайы тарихи және тілдік, мәдениеттанымдық зерттеулер көп болғанымен, осы ескерткіштердегі этномәдени ақпарат өз алдына зерттеу нысаны болмаған.

Ортағасырлық түркі ескерткіштеріндегі этномәдени лексиканы талдау түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының мәдени және дүниетанымдық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Осы ескерткіштердегі түркі этносының мәдениеті осы күнге дейін тілде көрініс тауып отыр. Сонымен, ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерді зерттеуде антропоцентристік парадигма тұрғысынан қарастыру түркі халықтарының дүниетанымын, мәдени және рухани мәдениетін, олардың ортақ ерекшеліктерін анықтап, зерделеуге көмектеседі.

Этномәдени лексика ғаламның тілдік бейнесін көрсетуде ерекше маңызға ие және халықтың тұрмыс-тіршілігімен, тарихымен байланысты, яғни этномәдени лексика халықтың дамуындағы мәдениет ұғымын білдіреді. Этномәдени лексикаға жалпы материалдық мәдениетті, рухани мәдениетті білдіретін лексиканы жатқызуға болады.

«Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі мен «Құтадғу білік» поэмасы жазылған кезеңде түркі тайпалары ислам дінін ұстанды. Ислам діні таралуымен түркілер пұтқа табынушылық пен тәңірлік көзқарастан бірте-бірте алшақтай бастады. Мұсылмандық философия бірінші орынға шықты. Екі автор да еңбектерін нағыз мұсылманның әдеті бойынша Аллаға және Мұхаммед пайғамбарға мадақ айтудан бастайды.

Махмұд Қашқари өз сөздігінде *Teңri aʒun tūrüttü* «Тәңір дүниені жаратты» (Қашқари, 1997: 303), *Teңri ol yerig yaratgan* «Жерді жаратқан тәңір» (Қашқари, 1997: 352), *Teңri yalñuk tūrputti* «Тәңір адамды жаратты» (Қашқари, 1997: 303), *Teңri oñul togturdi* «Тәңір ұл тудырды» (Қашқари, 1997: 173), сондай-ақ *taruу [тапуғ] ~ табыну, намаз және т.б.* көптеген діни лексика молынан кездеседі.

Сөздікте мемлекетті басқару жүйесі бойынша келесідей әлеуметтік терминология: *хан, бек, әмір, қазына сақтаушы*, сонымен қатар «*Ordu – орда. Ordu bashы – орда басы, хаканның қасында қызмет етуші*» (Қашқари, 1997: 155) және басқа да лауазымдар, сондай-ақ аумақтық бөлініс: *иелік, облыс, қала, уәлаят* сияқты әкімшілік-шаруашылық-құқықтық терминдерді де кездестіруге болады. Хандар мен бектердің туы сипатталатын, келісімді білдіретін әскери-саяси терминдер де бар. Салыққа қатысты: «*Ымға – Ымға: малды ұстаушы мен жиюшы. (Қазынашы, алым-салық алушылар)*» (Қашқари, 1997: 158) түсініктер де беріледі.

«Диуанида» XI ғасырдағы түріктердің әскери істері, атап айтқанда, әскер жан-жақты шегініп, кейін кенеттен бір жасак, оның соңынан шабуылда басқалары аттанғанда *ülker* (ерен жүйріктері) деп атаған ұрыс тактикасы сипатталған. «Диуани лұғат ат-түріктегі» әскери

терминология түркі билеушілерінің орта ғасырлардағы ұйымдасқан әскері, ұрыс тактикасы, шайқас алдында жіберілген барлауы болғанын көрсетеді: «Ім – Ім: ым. Егер адам құпия сөзді білсе, құпия сөзді сұраушының қолынан қателесіп өлмейді. Танымайтын екі адам жолығысқанда бірінен-бірі «ым» сұрайды, сұралған кісі ымды білсе өз адамы деп саналады, білмесе бәлеге ұшырайды» (Қашқари, 1997: 68).

«Үлкер – Үлкер: үркер жұлдыз. «Шайқастарда «Үлкер шерік – үлкер шерік» дейтін бір айла бар: әскерлер әр тараптан топ-топ болып топталып жиналады. Бір тобы ілгерілегенде, қалғандары да соңынан ілесе ілгерілейді. Бұл айла қолданылғанда жеңіліс кем де кем болады» (Қашқари, 1997: 126).

Сонымен қатар әскери қару-жарақ түрлері мен әскери мамандық атаулары да кездеседі. Мәселен: «Ulun – Ұлун: ұшық жоқ оқ, жебе» (Қашқари, 1997: 109); «Оқлуқ – оқлуқ: садақ (Қашқари, 1997: 132); «Қылыш – Қылыш: қылыш» (Қашқари, 1997: 416); «Қалва – Қалва: үйренушілер оғы» (Қашқари, 1997: 493); «Кесме – Кесме: жалпақ ұшты найза немесе оқтың ұшы» (Қашқари, 1997: 493); «Темір басының орнына бір домалақ ағаш орнатылған оқ (Қашқари, 1997: 487); «Ақыншы – Ақыншы: дұшпан түнде барып басатын әскер (Қашқари, 1997: 165); «Оқтатты – Оқтатты: оқтатты, оқ аттырды. Вег апы оқтатты – Бек оған оқ аттырды (Қашқари, 1997: 308); «Шабұш – Шабұш: соғыста әскер сапын түзететін, жайшылықта әскерлерді елге зиян, зұлымдық істеуден тежейтін, қадағалайтын басшы (Қашқари, 1997: 426).

Кітапта түркі халықтарының қолөнер түрлері жайында түсінік берілген: киіз басу, тоқыма өнері, ұсталық, тері өңдеу, жібек өндіру, ыдыс жасау, ағаш өңдеу, қыш кірпіш жасау, зергерлік бұйымдар жасау салалары туралы мәлімет берілген. XI ғасырдағы түркі қоғамында кәсіпті білдіретін сөздер де кездеседі: *диірменші, наубайшы, аңшы, балықшы, қазы, ханның қызметшісі, егінші, бақташы, қолөнерші, ұста* және т.б.

Сөздікте көшпенді халықтарға тән үй жабдықтары мен киім-кешек түрлері, әсіресе тамақ, сусын, астық түрлері берілген: «Уғ – ұғ: уық, киіз үйдің уығы, тіреу ағашы» (Қашқари, 1997: 76); «Оғуғшиқ – Оғуғшық: ұршық» (Қашқари, 1997: 181); «Агтығ – Артығ: әйелдер киетін кеудеше» (желеткі) (Қашқари, 1997: 129); «Кафтап – Кафтан: тон, сырт киім» (Қашқари, 1997: 495); «Үгре – Үгре: кеспе. Қамырдан дәмдірек болады» (Қашқари, 1997: 157); «Қатық – Қатық: сірке, айран, құрт секілді тамаққа қатылатын нәрселер» (Қашқари, 1997: 441); «Қағұт – Қағұт: сөк тарыдан істелетін тағамның түрі» (Қашқари, 1997: 467); «Сүзме – Сүзме; сүзбе, қатық сүзбесі» (Қашқари, 1997: 493); «Талқан – Талқан: талқан» (Қашқари, 1997: 500); «Үспөрі – Үспөрі: ыстық күлге пісіріп, майға турап, үстіне шекер сеуіп жейтін нан» (Қашқари, 1997: 171); «Көмеш – Көмеш: ошақтағы шокқа көміп пісірілетін нан» (Қашқари, 1997: 417); «Соқту – Соқту: тағам. Бауыр, ет пен дәм-татымдылықтар араластырып ішекке толтырылады да, пісіріп жейді» (Қашқари, 1997: 477); «Қымыз – Қымыз: қымыз. Ішуге арнап, мес, сабаға құйып ашытқан жылқы сүті» (Қашқари, 1997: 423); «Арғу – Арғу: екі таудың арасы. Тараз (Талас) бен Баласағұн арасындағы шаһарларды «Арғу» дейді. Өйткені ол жерлер екі тау арасында жатыр» (Қашқари, 1997: 158); «Өтүкен – Өтүкен: Татар даласындағы бір жердің аты. Ұйғыр еліне жақын» (Қашқари, 1997: 168); «Сабан – сабан: егіншілік, жер жырту» (Қашқари, 1997: 461); «Уруғланды – ұрықтанды. Тағығ уруғланды – Тары ұрықтанды (егін дән байлады)». Кебез уруғланды – Мақта ұрықтанды» (Қашқари, 1997: 345); «Ішленді – іштенді, дән толысты, дән байлады. Тарығ ішленді – Тары (дән) дән байлады» (Қашқари, 1997: 304); «Ектырді – ектірді (септірді). Ол тағығ ектырді – Ол тары ектірді» (Қашқари, 1997: 265). «Екішді – егісті. Ол мана тарығ екішді – ол маған тары егісті» (Қашқари, 1997: 224). «Аңыз – аңыз: бидай, тағы басқа дәнді дақылдарды орып алғаннан кейін жерде қалған сабан, шөп-шалам» (Қашқари, 1997: 123); «Амаш: соқа, мойынтұрық, егіншілік құрал-саймандар» (Қашқари, 1997: 82); «Оғу-Орұ: ұра – бидай, шалқан, тағы басқаларды сақтау үшін құрылған ұра» (Қашқари, 1997: 118); «Азгы – Адзры: айыр, аша. Бидайды суыру үшін қолданылатын құрал» (Қашқари, 1997: 156).

Жоғарыдағы мысалдардан қазақ халқының киіз үйінің жабдығы – уықты, ұршықты кездестіреміз, олардың фонетикалық дыбысталуы қазақ тіліндегі нұсқаларымен ұқсас. Ал ежелгі түркілердің тұтынған тағамдары да көшпелі қазақ халқының ас мәзірінде де кездеседі. Сонымен қатар түркі халықтарының егіншілікпен айналысқанын, дәнді дақылдардан бидай, тары еккенін

байқауға болады.

Музыкалық аспаптардан қобыз, сыбызғы сияқты аспаптарға түсінік берілген: «İgeme – İgeme: Қобызға ұқсайтын бір түрлі аспап» (Қашқари, 1997: 168); «Өттүрді – Өттүрді: тартқызды; тарттырды (ойнатты). Сыбызғы өттүрді – Сыбызғы тарттырды» (Қашқари, 1997: 260); «Қобуз – Қобуз: қобыз, тартатын ішекті аспап» (Қашқари, 1997: 423).

XI ғасырдағы түркі халықтарының рухани мәдениеті «Диуанида» көптеген мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер, кейбір әдет-ғұрыптар, ойындар, нанымдар арқылы сипатталған 12 жылдық күнтізбелік цикл берілген. Көп мақал-мәтелдер он ғасыр өтсе де өзектілігін жоғалтпаған, себебі оларда түркі халықтарының дүниетанымы, болмысы сақталған.

«Erdem başi til (мағынасы: Әдеп – қасиет (өнер) басы тіл (Қашқари, 1997: 394). Бұл жерде «жақсы сөз», «ізгі сөз» дегенді білдіреді.

«Quş qanatın er atın (мағынасы: Құс – қанатымен, ер – атымен» (Қашқари, 1997: 63).

«Tilkü öz inige ürse usuz bolur (мағынасы: Түлкі өз ініне үрсе, қотыр болар» (Қашқари, 1997: 84). Мақалда туған жеріне, еліне қатысты жаман сөз сөйлемей керегін айтады.

«Bıtqa uvut etsa uldın jemäs – Итке ұят кірсе, ұлтан жемес» (Қашқари, 1997: 147). Бұл мақал ар-ұятты сақтауға шақырады.

«Boldaşı buzaıu öküz ara belgülüg (мағынасы: Болар бұзау өгіз арасында-ақ белгілі)» (Қашқари, 1997: 587).

«Evdeki buzaıu öküz bolmas (мағынасы: Үйдегі бұзау өгіз болмас)» (Қашқари, 1997: 505).

«Aüilda oılaq tuısa ariqda otı ünör (мағынасы: Қорада лақ туса, арықта шөп өнер)» (Қашқари, 1997: 94).

«İngan iırasa botu bozlar (мағынасы: Інген аңыраса, бота боздар)» (Қашқари, 1997: 150).

XI ғасырда түркі халықтарында екінші маңызды шаруашылық қызметі мал шаруашылығы болған. Сөздікте жылқы және олардың түрі, түйе, өгіз, қой, бұзау, лақ аталып өтіледі. «Диуанидағы» мақал-мәтелдер де мал шаруашылығына түсінік береді.

Орта ғасырлардың көрнекті ғалымы, философы, ақыны Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанымен түркі халықтарының әдебиетіндегі жаңа кезең басталады. Аталмыш шығарманың поэтикалық дәстүрі түркі халықтарының әдебиетінде елеулі орынға ие. Бұл дастанның негізгі идеясы – мемлекетті дұрыс басқару мәселесі. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделіп жазылған: әділдік, бақ-дәулет, ақыл-парасат, қанағат. «Құтты білік» – дидактикалық дастан. Төрт принциптің символы ретінде көрінетін төрт қаһарманы: Күнтоғды патша, уәзірі Айтолды, уәзірдің баласы Өгдүлміш, дәруіш Одғұрмыш. «Құтадғу білік» дастанының негізгі сюжеттік желісі, шығарманың негізгі төрт қаһарманының өзара әңгімесінен, сұрақ-жауаптарынан, бір-біріне жазған хаттарынан тұрады.

Дастанда ел басқарған әкімдер мен қалың бұқара арасындағы қарым-қатынас мәселесі қозғалады. Сондай-ақ ақыл-парасат, өнер-білім, әдептілік, тәлім-тәрбие, мінез-құлық, кішіпейілдік, жомарттылық, мейірімділік, тіл мәдениеті, әке-шешені құрметтеу т.б. осы сияқты рухани-өнегелік мәселелер сөз болатындықтан, оны дидактикалық трактатқа жатқызуға болады. Алайда автор осы жанрға тән өсиет берудің алдында нақыл сөздер жазбаған. Сюжет желісінде сұхбаттасқан, ақыл-кеңесімен бөліскен төрт кейіпкерді кезегімен шығарып отырады.

Ж.Баласағұнның шығармасында түркі ауыз әдебиетінің дәстүрі көрініс тапқан. Шығарма авторы өз кеңесі мен өсиетін монолог түрінде, ал кейіпкерлердің сөзін диалог, поэтикалық айтыс түрінде берген. Бұл түркі халықтарының сөз өнерінде, атап айтсақ, қазақтың *айтыс*, башқұрттардың *айтыш*, қырғыздардың *айтышу* өнерінде кең тараған. Шығармада ел басқаратын әкімдерге қойылатын талаптар: әділдік, ақыл-парасат, өнер-білімге жетік болу, ниеті түзу, жылы сөзді, пейілі кең, кек сақтамайтын болу. Өлеңде түркі поэзиясына парсы-араб поэзиясынан келген мұназараның әдеби түрі айтыс түрінде үйлестіріле берілген. Мұназара жанрында ойдан шығарылған қарсыластар арасындағы айтыс әдетте даушылардың мақтауымен немесе татуласуымен аяқталады. Поэмадағы кәрілікті жырлау қазақ поэзиясында да (атап айтсақ, Шал ақын, Шәкәрім Құдайбердиев, Абай Құнанбаев және т.б.) жиі кездеседі. Ж.Баласағұнның келесі шумақтары А.Құнанбаевтың өлеңіндегі адам бойындағы 5 жаман мінез-құлықтан аулақ болу туралы ортақ ойымен ұштасады:

Бес нәрседен қашық жүрсін о тағы,
Ізгі болса, жайылар бек атағы.
Бірі – сараң, бірі – асығу дыз етіп,
Сосын – ашу, ұста осыны күзетіп.
Төртіншісі – тоңмойындық бірбеткей,
Бесіншісі – жалған айту құр кетпей (Баласағұни, 2015: 177).

Сонымен қатар поэмада қазақ әдебиетінде кең тараған теңеу тәсілі де шебер қолданылған:

Туса – өлім бар, оны көрге салатын,
Кім бар, қане, мәңгі тірі қалатын?

Бұ дүние – аялдама, далбаса,
Айдаһардай бір тоймайды жалмаса» (Баласағұни, 2015: 105).

Өлім – теңіз шеті де жоқ, шегі жоқ,
Бақсаң – терең, түбі де жоқ жететін» (Баласағұни, 2015: 106).

Жүсіп Баласағұнның осы өлең шумақтарында исламдық сарынды байқауға болады.

Ол бұл өмірдің уақытша, жалған фәни екенін айта келе, оны аялдамаға, айдаһарға, ал өлімді шегі жоқ, терең теңізге теңейді.

Поэмада қазіргі түркі халықтарында бар көптеген мақал-мәтелдер келтірілген:

Түркіше бір мәтел айтар нақыштап,
Айттым мен де соның жолын нақ ұстап:

«Ақыл көркі – сөз болады, тілде – сөз,
Кісі көркі – жүз болады, жүзде – көз».

Айтылады тілменен сөз, сыр – ішің,
Жақсы сөз де – білсең, жарым ырысың (Баласағұни, 2015: 37).

Түркіше бір мәтел бар-ды мынадай,
Сен Ұғып ал, өзі маған ұнады-ай:

«Жақсы қылық сүтпен сіңіп келгенде,
Өзгермейді, бірге кетер өлгенде.

Біткен мінез қалыптасып қанменен,
Бір өзгермей, бірге шығар жанменен.

Іште біткен құлқы, әдеті, кәміл ер,
Қара жерге бірге түсіп, көмілер!» (Баласағұни, 2015: 59).

Түркіше бір айтқан екен мақалды
Көпті көрген кісі, аппақ сақалды (Баласағұни, 2015: 177).

Құдай қылса – биіктейді кісі де
Күнде бітер тілегі де, ісі де.

Құдай берсе – халық күшпен ала алмас,
Көк те, жер де оған тоқтам сала алмас (Баласағұни, 2015: 156).

Жоғарыдағы мақал-мәтелдер қазақ тіліндегі «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Кісі көркі – жүз, Жүздің көркі – көз», «Ана сүтімен бітпеген қасиет, Тана сүтімен сіңбейді», «Адамнан сұрағанның екі көзі шығады, Құдайдан сұрағанның екі бүйірі шығады» деген мақалдармен сәйкес келеді. Сонымен қатар поэмада «Алла», «Жаратушы ием», «Раббым», «Тәңір» және т.б. діни мағынадағы сөздер көп. Мұның барлығы – түркі халықтарының мәдениетінің, дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігінің өзара тығыз байланысты болуының дәлелі.

Поэмада мал шаруашылығымен айналысатын халықтардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатысты бейнелі сөздер, теңеулер көп ұшырайды. Мінез-құлқы әртүрлі адамдардың бейнесін жасау кезінде ақын қой, қасқыр, жылқы, сұңқар секілді жан-жануарларды, жайлаулар мен шөлдерді мысалға алады:

Адамның көңіл-күйі бейне бір *ат* секілді,

Бірде семіреді, бірде азады.

Қатардағы жауынгер-бектің *қанаты мен қауырсыны*,

Әй, бектердің бегі, құс қанатсыз ұша алмайды ғой (Баласағұни, 2015: 14).

Сиырдай надан тойса пысылдайды,

Бос сөзге семірсе де қысылмайды (Баласағұни, 2015: 93).

Жей алмадым жиған *малды* ерте-кеш,

Өтті күнім – тимеді оның пайдасы еш (Баласағұни, 2015: 118).

Әскери лексиканы білдіретін қару-жарақ түрлерін өлең шумақтарынан жиі кездестіреміз:

Біреу қылыш, балта шабар майданда-ай,

Біреу өлер қылжиып-ақ жайдан-жай (Баласағұни, 2015: 151).

Мына *нышақ* сені тұрған мазалап,

Қанжарым ғой, шабатұғын жазалап (Баласағұни, 2015: 78).

Әскери қол қуанбаса шынынан,

Қылыш жүдә шықпай қояр қынынан (Баласағұни, 2015: 105).

Бек *қылышпен* қол ұзартып, ұтар тек,

Онсыз елін билей алмай, жұтар бек.

Балта, қылыш – ел қорғаны еңсерген,

Елге басшы болады бек *семсермен* (Баласағұни, 2015: 183).

«Құтадғу білік» поэмасында астрологиялық күнтізбеде кездесетін он екі шоқжұлдыз парадигмасының бастапқы нұсқаларының бірі берілген:

Он екі шоқжұлдыздары не күйде;

Олар тұрар бір үйде не екі үйде.

Қозы [1] – көктем, үд [2] келеді тақымдап,

Ерендізге [3] Қучық [4] жүрер жақындап.

Ер Арслан [5] Бұғдай башын [6] көріп тұр,

Үлгү [7], Чадан [8], Йа [9], бұлар – серіктер.

Оғлақ [10], Көнек [11], Балық [12] келіп толады,

Олар туса, аспан жарық болады.

Көктем және жазғы жұлдыз – үшеуден,

Күзгі және қысқы жұлдыз – үшеуден.

От – үшеуі, су – үшеуі, үш – науа,

Топырақ – үш, бар әлемге бұл – дауа! [20] (Баласағұни, 2015: 27).

Поэmanın тіліне тереңірек үңілетін болсақ, онда қазіргі қазақ тілінде кездесетін сөздерді жиі кездестіреміз. Мысалы: «тіл» – «тіл», «кел» – кел, «тай» – тай, «қайда» – қайда, «чық» – шық, «көк» – көк, «қызыл» – қызыл, «сен» – сен, «мүлк» – мүлік, «кумуш» – күміс, «унут» – ұмыт, «көп» – көп, «сан» – сан, «жок» – жоқ, «сегіз» – сегіз, «төрт» – төрт, «тоғуз» – тоғыз, «эки» – екі, «тишин» – тісін, «ачық» – ашық және т.б. Поэма ХІ ғасырда жазылғанымен, кейбір сөздер осы күнге дейін қазақ тілінде фонетикалық дыбысталуын, семантикалық мағынасын сақтаған. Поэмань оқи отырып, тілдегі осы тәрізді тілдік ұқсастықтарды жиі кездестіруге болады. Географиялық және уақыт шамасындағы алшақтыққа қарамастан, аталмыш ескерткіш пен қазіргі қазақ тіліндегі лексикалық және поэтикалық сәйкестіктер өте көп.

М.Қашқаридың еңбегінде ортағасырдағы түркілердің өмірі, материалдық және рухани мәдениеті туралы ақпарат беретін этномәдени лексиканы төмендегідей тақырыптық топтарға бөлуге болады:

Мемлекеттік басқару: саяси жүйе (әлеуметтік терминология); салық жүйесі; әскери істері.

Материалдық мәдениет: баспана; киім-кешек; тамақ; қолөнер түрлері; тұрмыстық заттар; шаруашылық т.б.

Рухани мәдениет: наным-сенім; халық күнтізбесі; салт-дәстүрлер; музыкалық аспаптар; ойындар; мақал-мәтелдер; діни лексика; төрт жолды өлеңдер.

Жүсіп Баласағұнның поэмасындағы этномәдени лексиканы келесідей тақырыптық топтарға бөлеміз:

Мемлекеттік басқару: әлеуметтік терминология (хан, бек, уәзір және т.б.); әскери лексика.

Рухани мәдениет: астрологиялық күнтізбе; мақал-мәтелдер; діни лексика; халық ауыз әдебиетінің дәстүрі.

Жоғарыдағы екі тақырыптық топты салыстыра отырып, М.Қашқаридың сөздігіндегі этномәдени лексика мемлекеттік басқару жүйесін, материалдық және рухани мәдениет түрлерін қамтыса, ал Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанындағы этномәдени лексиканы көбінесе мемлекеттік басқару және рухани мәдениетке жататын тілдік бірліктер құрайды. Екі ескерткіште кездесетін мақал-мәтелдерде түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігі, этникалық болмысы, өзіндік көзқарастары көрініс тапқан. Оларда қазіргі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің, тілдегі парадигмалық байланыстың түрлері кездеседі. Сөздік пен поэмада сол кезеңдегі түркілердің дүниетанымын білдіретін діни лексика мен әскери лексика қатары ұқсас келеді. Ескерткіштердегі түркі халықтарының күнтізбе туралы білім-пайымы бүгінгі таңда дамып, кішігірім өзгеріске ұшырағанымен әлі де өзекті. Екі ескерткіштің мәтінінде қолданылған әлеуметтік терминология ортағасырлар кезеңінде түркі халықтарының мемлекет туралы білімі жақсы дамығанын көрсетеді.

Қорытынды

Ортағасырлық Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» ескерткіштеріне антропоцентристік тұрғыдан талдау жасау арқылы түркі этносының материалдық, рухани мәдениетінің, поэтикалық құралдарының дамуындағы ортақ ерекшеліктерді көруге болады. Екі жазба ескерткіште кездесетін этномәдени лексика топтастырылып, салыстармалы талдау жасалынды. «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігіндегі этномәдени лексика мемлекеттік басқару жүйесін, материалдық және рухани мәдениет түрлерін қамтуы Махмұд Қашқари еңбегінің этнографиялық тұрғыдан мазмұндылығын арттыра түседі. Ал Жүсіп Баласағұнның дастанындағы этномәдени лексика мемлекеттік басқару және рухани мәдениетке жататын тілдік бірліктерден тұрады. Бұл аталмыш ескерткіштің ортағасырлық түркі әдебиеті мен қазақ әдебиетіндегі ортақ дәстүрлері мен түрлерін қарастырудағы құндылығын көрсетеді.

М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігінде түркі этносының X-XI ғасырлардағы қоғамдық өмірінің материалдық және рухани дүниетанымының барлық аспектілері қамтылған деуге болады. Онда түркі халықтарының тілі, тарихы, мәдениеті көрініс тапқан. Ортағасырлық сөздік пен поэма қазіргі түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың этномәдениетімен ортақ лексикалық және поэтикалық бірліктер корпусын қамтиды. «Құтадғу білік» поэмасында кәрілікті жырлау қазақ поэзиясында, атап айтсақ, Шал ақын, Шәкәрім Құдайбердиев, Абай Құнанбаев және т.б. ақындардың шығармашылығында жиі кездеседі. Ж.Баласағұн мен А.Құнанбаевтың шумақтарындағы адам бойындағы 5 жаман мінез-құлықтан аулақ болу туралы ортақ ой да сабақтастықтың айғағы. Демек, қазақ өлеңі дәстүріндегі көптеген түрлері мен формалары ортақ түркілік мәдениеттен бастау алады деуге негіз бар. Екі ескерткіште де қазіргі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді, осы күнге дейін қазақ тілінде фонетикалық дыбысталуын, семантикалық мағынасын сақтаған лексикалық бірліктерді кездестіреміз. Мұның барлығы ортағасырлық түркі ескерткіштеріндегі этномәдени және лингвистикалық парадигманың көрінісі болып табылады.

Ортағасырларда өмір сүрген түркілер мен қазіргі қазақ халқының өмірлік ұстанымдарының, рухани құндылықтарының ортақ болып келуі жалпытүркілік дүниетаным сабақтастығын, сондай-ақ этномәдени және лингвистикалық парадигмасын сипаттайды. Екі ескерткіште де түркілердің этникалық болмысын сипаттайтын мәдени, тарихи және тілдік деректер жетерлік. Сондықтан да ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері әлі де жан-жақты, жіті зерттеуді, лингвистикалық талдауды қажет етеді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

- Айдаров Ғ., Құрысжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971.
 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ. Егеубаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 б.
 Баласағұни Й. Құтадғу білік: Құт әкелетін білім / Аударған А.Егеубаев. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2015. – 576 б.
 Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – Москва: Прогресс, 1985. – 425 с.
 Гумилёв Л.Н. Древние тюрки. – Москва: Наука, 1967. – 504 с.

- Егеубаев А. Идеино-художественное влияние поэмы «Кутадгу Билиг» Юсуфа Баласагуна на развитие казахской литературы: 10.01.03. Каз. пед. инс-т им. Абая. – Алма-Ата, 1989.
- Karahan A. Uluslararası Türk Dili ve Edebiyatı öğrenci Kongresi TUDOK. – İstanbul Kültür üniversitesi Ataköy-İstanbul Bildiriler, İstanbul, 2008. – S. 51-62.
- Кононов А.Н. Изучение «Диван лугат ат-турк» Махмуда Кашгарского в СССР // Советская тюркология, 1973. – №1. – С. 3-9.
- Қашқари М. «Түрік тілінің сөздігі»: (Диуани лұғат ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Хант баспасы, 1997. – 590 б.
- Құрышжанов Ә. «Ескі түркі жазба ескерткіштері (XI-XV ғғ.)» курсының бағдарламасы. – Қарағанды: ҚарГУ, 1986.
- Томсен В. Древние письменна из Монголии. – Лейпциг, 1924. – 25 с.

References

- Adebi zhadigerler (2007) Zhiyrma tomдық. 5-t.: Zhysip Balasagun. Qutty bilik /Kone tyrki tilinen audaryp, algy sozi men tusinikerin zhazgan A.Q. Egeubaev. Almaty: “Tajmas” baspa uji, 2007. 536 b. [Literary relics. (2007) Twenty volumes. No. 5: Yusup Balasagun. Blessed knowledge. A.K. Egeubaev wrote a preface and comments translated from the ancient Turkic language. Almaty: Publishing house “Taimas”, 536 p.] (in Kazakh)
- Ajdarov, G., Quryshzhanov, A., Tomanov, M. (1971) Kone turki zhazba eskertkishterining tili. Almaty: Mektep. [Aidarov, G., Kuryshzhanov, A., Tomanov, M. (1971) The language of ancient Turkic written monuments. Almaty: School.] (in Kazakh)
- Balasaguni, J. (2015) Qutadgu bilik: Qut akeletin bilim / Audargan A.Egeubaev. Astana: “Gylym” baspasy, 576 b. [Balasaguni I. (2015) Blessed knowledge. Translated by Egeubaev A. Astana: Science, 576 p.] (in Kazakh)
- Gumboldt, V. (1985) Jazyk i filosofija kul'tury. Moskva: Progress, 425 s. [Humboldt, V. (1985) Language and philosophy of culture. Moscow: Progress, 425 p.] (in Russian)
- Gumil'ov L.N. (1967) Drevnie tjurki. Moskva: Nauka, 504 s. [Gumilev, L.N. (1967) The ancient turks. – Moscow: Science, 504 p.] (in Russian)
- Egeubaev, A. (1989) Idejno-hudozhestvennoe vlijanie pojemy “Kutadgu Bilig” Jusufa Balasagunskogo na razvitie kazahskoj literatury: 10.01.03. Kaz. ped. ins-t im. Abaja. Alma-Ata. [Egeubayev A. (1989) The ideological and artistic influence of the poem “Kutadgu Bilig” by Yusuf Balasagunsky on the development of Kazakh literature: 10.01.03. Kazakh Pedagogical Institute named after Abay. Almaty.] (in Russian)
- Karahan, A. Uluslararası Türk Dili ve Edebiyatı öğrenci Kongresi TUDOK (2008). İstanbul Kültür üniversitesi Ataköy. İstanbul Bildiriler, İstanbul, S. 51-62. (in Turkish)
- Kononov, A.N. (1973) Izuchenie “Divan lugat at-turk” Mahmuda Kashgarskogo v SSSR. Sovetskaja tjurkologija, №1. S. 3-9. [Kononov, A.N. (1973) The study of the “Divan lugat at-turk” by Mahmud Kashgarsky in the USSR. Soviet Turkology. №1. P. 3-9.] (in Russian)
- Qashqari, M. (1997) “Turik tilining sozdigi”: (Diواني lugat it-turik): 3 tomдық shygarmalar zhinagy. Qazaq tiline audargan, algy sozi men gylymi tusinikerin zhazgan A.Egeubaev. Almaty: Hant baspasy, 1-tom, 590 b. [Qashqari, M. (1997) “Dictionary of the Turkic language”: (Divani luğat at-türik): collection of works in three volumes. Translated by Egeubaev A. Almaty: Hant, Volume 1, 590 p].
- Quryshzhanov, Ә. (1986) “Eski turki zhazba eskertkishteri (XI-XV gg.)” kursynyng bagdarlamasy. Qaragandy: KarGU. [Kuryshzhanov, A. (1986) Course program “Ancient Turkish written monuments (XI-XV centuries)”. Karaganda: KarSU.] (in Kazakh)
- Tomsen, V. (1924) Drevnie pis'mena iz Mongolii. Lejpcig, 25 s. [Tomsen, V. (1924) Ancient writings from Mongolia. Leipzig, 25 p.] (in Russian)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 21.06.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2024.

© Абдрахманова К.Х., Қонқабаева Н.Н., Абдуллаева Ж.Т., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024